



ӘОЖ 502.131(470.65)

ҒТАХР 39.21.02

DOI 10.37238/2960-1371.2960-138X.2024.95(3).82

Ходжанова Б.Х*., Кішібекова Ә.Б.

**М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті,
Орал, Қазақстан**

***Корреспондент-авторы: Hodzhanova.b@mail.ru**

ОҢТҮСТІК ОСЕТИЯ РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ ЖӘНЕ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ДАМУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Бұл мақалада Оңтүстік Осетия Республикасының шаруашылығының құрылымы және экономикалық даму жағдайына тоқталады. Елдің физикалық географиялық орналасуына жалпы шолу жасай отырып, қазіргі әлеуметтік-экономикалық даму барысына сипаттама беріледі.

Оңтүстік Осетия Республикасы Кавказдың қақ ортасында, Азия мен Еуропаның түйіскен жерінде орналасқан және Үлкен Кавказдың оңтүстік беткейлерін және Картлия жазығының тау бөктерін алып жатыр. Ауданы 3900 км².

Мемлекеттің экономикасының дамуына басым үлес қосып отырған саласы жеңіл өнеркәсіп саласы. Бірқатар өндірістік нысандар бар, олар астанасы Цхинвалдың айналасында орналасқан. Құрылыс материалын шығаратын кәсіпорын салалары жақсы жолға қойылған. Тамақ өнеркәсібі саласы 23% құрайды. Металл өңдейтін және ағаш өңдейтін өнеркәсіп орындары қызмет етуде. Машина жасау бойынша бірнеше кәсіпорындары бар.

Оңтүстік Осетия Республикасы аграрлық ел табылады, дегенмен аумағының 10% - дан азы ауыл шаруашылығында қолданылады. Негізгі тағамдар-дәнді дақылдар, жемістер мен жүзім. Орман шаруашылығы мен мал шаруашылығы сақталуда

Мал шаруашылығында сүтті-етті бағытындағы ірі қара, шошқа шаруашылығы жолға қойылған.

Көлік кешені бойынша ел аумағында автомобиль, әуе көлігі, темір жол көлігі жолға қойылған.

Кілт сөздер: Оңтүстік Осетия Республикасы; Цхинвал; Квайс; Кавказ таулары; Джоджора мен Квирила; Риони өзендері; Қара теңіз бассейні.

Kipicne

Оңтүстік Осетия Республикасының территориясы: 3,9 мың.км². Халық саны: 56,5 мың адам, астанасы: Цхинвал (32,1 мың адам)

Мемлекеттік құрылымы – Оңтүстік Осетия – республикасы, Заңды билікті Парламент ұсынады. Атқарушы билікті президент басқарады, ол 5 жыл мерзімге сайланады. Атқарушы биліктің жоғарғы алқалы органы Оңтүстік Осетия Республикасының Үкіметі болып табылады.



2019 жылы парламент сайлауында 7% квотамен келесі партиялар өтті, олар: Біртұтас Осетия, Халық партиясы, «Ныхас» партиясы», «Халық бірлігі» Социалистік партиясы және Коммунистік партия.

Әкімшілік-территориялық бөлінуі: 4 аудан және Цхинвал, Квайс екі қаладан тұрады.

Мемлекеттік тілі: осетин және орыс тілі. Оңтүстік Осетия Республикасының грузин ұлты көп шоғырланған аумағында қатынас тілі грузин тілі. Ұлттық валютасы: ресей рублі

Географиялық орналасуы. Оңтүстік Осетия, солтүстігінде Ресеймен шектесетін Закавказьедегі мемлекет (Солтүстік Осетия), ал қалған оңтүстігінде, шығысында, оңтүстігінде Грузия мемлекеті аумағымен қоршалған. Армения секілді оның да теңізге шығатын жолы жоқ, ал Грузиямен шекарасы іс жүзінде жабық. Оңтүстік Осетия аумағында шамамен 4 мың адамнан тұратын Ресейдің 4-ші гвардиялық әскери базасы орналасқан.

Осетия - таулар мен тау бөктерінің елі, жоталар мен шатқалдардан тұрады, өзен аңғарларындағы елді мекендер тізбегі бір-бірімен байланыса орналасқан.

Оңтүстік Осетия Үлкен Кавказ жотасының (орталық Кавказ) оңтүстік беткейінде және ішкі Картлия жазығының тау бөктерінде орналасқан. Республика аумақтарының 90 пайызға жуығы теңіз деңгейінен 1000 м биіктікте орналасқан, ал Оңтүстік Осетияның ең биік нүктесі - Халаца тауының биіктігі төрт шақырымға жетеді (3938 м). Орографиялық тұрғыдан солтүстіктен республиканы Двалет жотасы жауып тұрады, әрмен қарай аңғарлармен бөлінген көлденең жоталармен (Рачинский, Кешельтский, Машхартский, Дзауский, Гудисский және т.б.) бөлінген. Тау бөктеріндегі ең төменгі нүкте, республиканың оңтүстігінде орналасқан. Жер қыртысының тектоникалық қозғалыстары, жас Кавказ тау жүйесінің аумақтағы сейсмикалық белсенділігін анықтайды. Оңтүстік Осетиядағы соңғы апаты жер сілкінісі 1991 жылы 29 сәуірде болды. Жер сілкінісі кезінде Дзау елді мекені және көптеген селолар зардап шекті.

Оңтүстік Осетияның климатына таулық жер бедері өз ықпалын тигізеді. Республиканы солтүстіктен соғатын салқын желден Кавказ жоталары қорғап тұрады. Биік таулардың беткейлерінде маусым айының температурасы 3-4⁰С, ал жазықтарда 25⁰С дейін көтеріледі. Қаңтар айының орташа температурасы -14⁰С-ден, +2⁰С дейін көтеріледі. Ылғалдың түсуі де әркелкі 1800мм-ден - 350мм дейін төмендейді.

Су ресурстары. Оңтүстік Осетияның республикасының өзендерінің көп бөлігі Кура бассейніне (Каспий теңізі бассейні) жатады, ал солтүстік-батыстағы өзендер Джоджора мен Квирила өзендері Риони бассейніне (Қара теңіз бассейні) жатады. Көлдердің көпшілігі мұздық, карст немесе үйінді жолмен қалыптасқан. Кіші Лиакхва өзенінде Зонкар су қоймасы орналасқан.

Топырақ жамылғысы биіктік белдеуге байланысты таралған: альпі зонасында таулы-шалғынды топырақ, таудың қоңыр топырағы арқылы орманды-дала зонасында қара қоңыр топырақпен алмасады. 3500 м биіктікте нивальды зоналардың шекараларында, жіңішке жолақтарда мүк пен қына өскен тау-тасты тундра белдеуі созылып жатыр. Төмендеген сайын (шамамен 2500 м-ге дейін) альпі шалғындары басталады, төмендеген сайын олардың орнына биік шөптер



мен бұталар бар субальпы зонасымен алмасады. Бұл жерлерде тур, ұлар және көптеген жыртқыш құстардың түрі бар. Әрі қарай, 2500-ден 600 м-ге дейінгі биіктікте қылқан жапырақты (шырша, қарағай), ал жалпақ жапырақты (үйінке, емен, каштан және т.б ағаштар) ормандардың белдеуі орналасқан. Төменгі белдеуде фригана элементтері пайда болады (локат, итмұрын, қарақат, итмұрын жемістері таралған). Бұл белдеуде аю, бұғы, қабан және т.б аңдар кездеседі. Ең қиыр оңтүстікте жазықтық ормандарында даланың тікенді-бұталы өсімдіктері таралған.

Табиғи ресурстары. Табиғи қоры аз болғанмен, минералдық ресурстар әртүрлілігімен ерекшеленеді. Ел аумағында Квайсин кен орнында полиметалл рудалары (қорғасын-мырыш рудасы) және барит рудасының мол қоры кездеседі. Құрылыс материалдарының мол қоры бар. Мұнай мен газдың да кен орны бар екендігіне болжам жасалынған. Елдің солтүстік-шығысында минералды бұлақтардың көптеген көзі кездеседі.

Зерттеу материалдары мен әдістері

Республикада 56,3 мың адам өмір сүреді. Кеңес одағы кезеңінен бері мемлекет халқы 2 есеге азайды. Ел астанасы Цхинвалда мемлекет халқының 2/3 бөлігі (32,1 мың адам) тұрады. Халқы көп Квайс қаласында (0,9 мың), Дзау поселкасында (2,1 мың), Лениногорда (1,8 мың), Знаурда (0,45 мың). Қалада халықтың 58,5% тұрады.

Соңғы жылдардағы табиғи өсу коэффициенті нөлдік белгіге жақын. Бірақ көші-қон есебінен халық саны өте баяу, бірақ өсуде.

Еңбекке қабілетті халықтың саны 57% жетеді, балалар саны -24% құрайды.

Елде осетин халқының саны 90%, *грузиндер* 7%, орыстар 3% құрайды. Экономикада жұмыспен қамтылғандар саны 21 мыңнан астам адам, оның едәуір бөлігі қызмет көрсету саласында (55%) және мемлекеттік басқаруда (27%) еңбек етеді.

Шаруашылығының құрылымы және территориялық ұйымдастырылуы. Грузин-осетин қақтығысы нәтижесінде мемлекеттік және муниципалдық нысандарға тигізілген (жол, газ және электрмен жабдықтау және т. б.) залал 16-18 миллиард рубльге бағаланды. КСРО кезінде жұмыс істеген өнеркәсіптік кәсіпорындардың көпшілігі жабық немесе бұрынғы қуатының 5-10 пайызында ғана жұмыс жасайды. Оңтүстік Осетия Республикасының статистикалық деректері негізінде (шамамен есептеу әдісі (кіріс көздеріне сәйкес)) ЖІӨ көлемі 5,5 миллиард рубльді құрайды.

Өнеркәсіп кешені. Өнеркәсіп орындарында 1,6 мың адам қызмет етеді. Бірінші орында жеңіл өнеркәсіп тұрады. Құрылыс материалын шығаратын кәсіпорын салалары жақсы жолға қойылған. Азық-түлік саласы 23% құрайды. Сонымен қатар металл өңдейтін және ағаш өңдейтін өнеркәсіп орындары бар.


Машина жасау бірнеше кәсіпорындардан тұрады:

Елдің астанасы Цхинвалда орналасқан «Электровибромашина» негізі 1958 жылы қаланған, кеңес одағы кезінде табысты жұмыс жасап тұрған заводтың қазіргі экономикалық жағдайы күрделі, негізінен байыту жабдықтары мен металл конструкцияларын шығарады. Елдің астанасында орналасқан 1958 жылдан бері қызмет жасап тұрған «Эмальпровод» заводы эмальданған сымдар, жабдықтар,



терезелер, шамдар, ағаш өңдеу өнімдері, шегелер, пластикалық терезелер, жарық беретін шамдар және т.б шығарады. Соңғы кездері шикізат бойынша да, шығарылған өнімді сатуда да қиындықтар туындауда.

Тамақ өнеркәсібінен Ленингордағы «Алутон» сыра қайнату зауыты, Багиаттағы минералды суларды құю зауыты, Цхинвалдағы сыра зауыты жұмыс жасайды. Ел астанасы Цхинвалда консерві мен наубайхана заводы бар. 2017 жылы Цхинвал ауданында «Растдон» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ет комбинаты ашылды. 2019 жылы тамақ өнеркәсібіндегі жалпы өндіріс көлемі шамамен 300 миллион рубльді құрады (2018 жылға қарай 155%).



1-Сурет - 2018 жылғы өңдеу өнеркәсібінің құрылымы

Ауыл шаруашылығы. Аграрлық сектордағы жағдай үй шаруашылығы секторында ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірудің абсолюттік басым болуымен сипатталады. Бұрын жергілікті өнімдер Грузиядан әкелінетін өнімдермен бәсекеге түсе алмайды. Оңтүстік Осетия мен Грузия арасындағы барлық экономикалық қатынастардың тоқтатылуы ауылшаруашылық өнімдерінің бағасының күрт өсуіне әкелді. Азық-түлік өнімдердің көп бөлігі, жемістерге дейін, қымбат бағамен Ресейден алына бастады, бұл жергілікті тамақ өнеркәсібінің дамуына әкелді. 2009 жылдың өзінде өсімдік шаруашылығы өнімдерінің өсуі байқалды (ең алдымен жемістер, жидектер мен көкөністер).

Қазіргі уақытта ауыл шаруашылығы алқаптары елдің жалпы аумағының 33% құрайды, оның басым бөлігі жайылым болып табылады.

Өсімдік шаруашылығы өнімі ауыл шаруашылығында өндірілетін өнімнің 20% ғана құрайды. Қазір 24 мың гектар егістіктің едәуір бөлігі 20 жылдан астам уақыт бойы өңделмеген. Ресми статистика бойынша егістік жерлер 14,5 мың га құрайды.



КСРО кезінде Оңтүстік Осетияда болған орман қараусыз қалды, соңынан бір бөлігі отынға кесілді.

Негізінен жаздық дәнді дақылдарды өндіру үшін пайдаланылатын егіс алқаптары (арпа 85%) тек 2,5 мың гектарға жетеді.

Ауыл шаруашылығының басым және дәстүрлі бағыты мал шаруашылығы. Мал шаруашылығы ауыл шаруашылығының 80% қамтиды. 1989 жылы ірі қара малының басы 12 мың басты құраса, ал қазіргі кезде негізінен жеке шаруашылықтарға тиеселі 15 мың бас ірі қара бар.

Көлік кешені. Республикадағы маңызды көлік түрі-бұл автомобиль көлігі. Маңызды және негізгі көлік артериясы Оңтүстік Осетияны Ресеймен және Грузия аумағы арқылы Армениямен байланыстыратын Транскавказ тас жолы.

Құбырлармен газ жеткізу 2008 жылдың тамызына дейін Грузия аумағы арқылы жүзеге асырылды. Тамыз айында газ жеткізу тоқтатылды. 2009 жылы Зуаруикау-Цхинвал газ құбыры ашылды, ол Ресей мен Оңтүстік Осетияны тікелей байланыстырды және газды Грузиядан газ сатып алудан үш есе төмен бағамен үздіксіз алуға мүмкіндік берді.

Зерттеу нәтижелері

Жоғарыда атап өткендей кеңес одағы ыдырағаннан кейін Оңтүстік Осетия Республикасының экономикалық жағдайы біршама өзгерістерге ұшырады. 1990 жылдардағы грузин-осетин қақтығысы ел аумағындағы әліуметтік-экономикалық жағдайды әрмен қарай нашарлауына алып келді. Қазіргі таңда ел аумағындағы халық саны екі есеге азайды.

Осыған байланысты мемлекеттік және муниципалдық нысандарға тигізілген (жол, газ және электрмен жабдықтау және т. б.) залал 16-18 миллиард рубльге бағаланды. КСРО кезінде жұмыс істеген өнеркәсіптік кәсіпорындардың көпшілігі жабық немесе бұрынғы қуатының 5-10 пайызында ғана жұмыс жасайды. Оңтүстік Осетия Республикасының статистикалық деректері бойынша (шамамен есептеу әдісі (кіріс көздеріне сәйкес)) ЖІӨ көлемі 5,5 миллиард рубльді құрап отыр.

Қорытынды

Қорытындылай келе, жоғарыда берілген мәліметтерді салыстыра келе, кеңес одағы ыдырағаннан кейін Оңтүстік Осетия Республикасы экономикалық даму барысы төмендей түсті. Себебі Кеңес одағы кезіндегідей он бес одақтас республиканы экономикалық тұрғыда жан-жақты қамтамасыз ету тоқтатылды. Осыған байланысты бір-бірімен тығыз байланыстағы жұмыс жасап тұрған кәсіпорындардың көпшілігі жабылды. КСРО-ға мүше болған басқа мемлекеттер секілді, Оңтүстік Осетия аумағында да жұмысыздық, осының салдарынан елде тұрақсыздық белең алды. Осыған байланысты жұмыс іздеген халық күнкөріс қамымен көрші мемлекеттерге кетуге мәжбүр болды (негізінен Ресей аумағына), халық саны екі есе төмендеді.

Елдің экономикалық жағдайы негізінен жеңіл өнеркәсіп салалары және ауыл шаруашылығы барысында жолға қойылып отыр. Осы халық шаруашылығы салалары халықты қызметпен қамтып отыр.



ӘДЕБИЕТ

[1] В.Л. Бабури, Г.И. Гладкевич, А.И. Даньшин, М.П. Ратанова Экономическая и социальная география стран ближнего зарубежья. Москва МГУ имени М.В. Ломоносова ЛЕНАНД, 2021 г.

[2] М.П. Ратанова, В.Л. Бабури, Г.И. Гладкевич, В.И. Горлов, А.И. Даньшин Экономическая и социальная география стран ближнего зарубежья. Москва ООО «Дрофа» 2004

[3] А.М. Сергеева, Т.А. Терещенко, Г.Е. Бердыгулова Әлеуметтік, экономикалық және саяси географияға кіріспе 1-бөлім, 2022 ж 10-12 б.

[4] А.М. Сергеева, Т.А. Терещенко, Г.Е. Бердыгулова Әлеуметтік, экономикалық және саяси географияға кіріспе 2-бөлім, 2022 ж 25-26 б

REFERENCES

[1] V.L. Baburin, G.I. Gladkevich, A.I. Danshin, M.P. Ratanova Economic and social geography of neighboring countries. Moscow Moscow State University named after M.V. Lomonosova LENAND, 2021.

[2] M.P. Ratanova, V.L. Baburin, G.I. Gladkevich, V.I. Gorlov, A.I. Danshin Economic and social geography of neighboring countries. Moscow LLC "Drofa" 2004

[3] Sergeeva A.M., Tereshchenko T.A., Berdygulova G.E.(2022) Әлеуметтік, экономикалық және саяси географияға кіріспе[Introduction to social, economic and political geography] 1-bölim, P. 10-12.[in Kazakh].

[4] Sergeeva A.M., Tereshchenko T.A., Berdygulova G.E. (2022) Әлеуметтік, экономикалық және саяси географияға кіріспе[Introduction to social, economic and political geography]P. 25-26.[in Kazakh].

Ходжанова Б.Х., Кішібекова Ә.Б.

СТРУКТУРА И ОСОБЕННОСТИ ЭКОНОМИЧЕСКОГО РАЗВИТИЯ ХОЗЯЙСТВА РЕСПУБЛИКИ ЮЖНАЯ ОСЕТИЯ

Аннотация. В данной статье речь идет о структуре экономики и экономическом развитии Республики Южная Осетия. Дан общий обзор физико-географического положения страны, а также описание современного социально-экономического развития.

Республика Южная Осетия расположена в самом сердце Кавказа, на стыке Азии и Европы, и занимает южные склоны Большого Кавказа и предгорья Картлийской равнины. Площадь 3900 км².

Основной вклад в развитие экономики государства вносит легкая промышленность. Вокруг столицы Цхинвали расположен ряд промышленных объектов. Хорошо развиты филиалы предприятий по производству строительных материалов. Пищевая промышленность составляет 23%. Имеются металлообрабатывающая и деревообрабатывающая промышленность. Имеется несколько машиностроительных предприятий.



Республика Южная Осетия — аграрная страна, хотя под сельское хозяйство используется менее 10% ее территории. Основные продукты питания — крупы, фрукты и виноград. Сохраняется лесное хозяйство и животноводство.

В животноводстве развернуто скотоводство и свиноводство молочно-мясного направления.

По данным транспортного комплекса, на дорогах страны находятся автомобильный, воздушный и железнодорожный транспорт.

Ключевые слова: Республика Южная Осетия; Цхинвал; Квайс; Кавказские горы; Жожора и Квирила; реки Риони; бассейн Черного моря.

Hodzhanova Baldai, Kishibekova Assel
THE STRUCTURE AND FEATURES OF THE ECONOMIC
DEVELOPMENT OF THE ECONOMY OF THE REPUBLIC OF SOUTH
OSSETIA

Annotation. This article focuses on the structure of the economy and economic development of the Republic of South Ossetia. A general overview of the physical geographical location of the country is given, as well as a description of the current socio-economic development.

The Republic of South Ossetia is located in the heart of the Caucasus, at the junction of Asia and Europe, and occupies the southern slopes of the Greater Caucasus and the foothills of the Kartlia Plain. The area is 3900 km².

The main contribution to the development of the state's economy is light industry. There are a number of industrial facilities located around the capital Tskhinvali. The branches of enterprises producing construction materials are well established. Food industry makes 23%. There are metalworking and woodworking industries. There are several machine-building enterprises.

The Republic of South Ossetia is an agrarian country, although less than 10% of its territory is used for agriculture. The main foods are cereals, fruits and grapes. Forestry and animal husbandry are preserved

Cattle and pig farming in the dairy-meat direction has been launched in livestock farming.

According to the transport complex, cars, air transport, and railway transport are on the road in the country.

Key words: Republic of South Ossetia; Tskhinval; Kwais; Caucasus mountains; Jojora and Kvirila, Rioni rivers; Black Sea basin.